

# Сарыарқа (Солтүстік Қазақ жазығы)



# Сарыарқа деп аталғаны

- **Сарыарқа** — Қазақстанның ірі физикалық-географиялық және табиғи-тарихи аймақтың бірі. Сарыарқа – халықтық атау. Сарыарқаға Қарағанды, Астана облыстарының жері толықтай, [Торғай](#), [Семей](#), [Павлодар](#) облысының біраз жері кіреді. Қарағанды облысының территориясы, негізінен, Сарыарқаның орта бөлігінде орналасқан. Сондықтан да жергілікті халық осы өңірді ежелден Сарыарқа, *Арқа* даласы деп атаған. Сарыарқа атауы «жер бетіндегі өсімдіктері күйгендіктен сарғайып жататын кең де үлкен жон, жалпақ үстірт, сансыз адырлы қырқа» ұғымын білдіреді.

# Географиясы

● Сарыарқа – «Қазақтың ұсақ шоқысы» (Орталық Қазақстан ұсақ шоқысы). Батыстан шығысқа дейін ұзындығы 1200 км, оңтүстіктен солтүстікке дейін 950 км. Батыс жағы біршама тегістеу, [Ұлытаудың](#) таулы жерлері (1133 м) және Көкшетау үстірті (947 м, [Көкше тауы](#)) ерекшеленеді. Шығыс жағы 1403 метрге (Қарқаралы таулары), 1469 метрге ([Шыңғыстау жотасы](#)) және 1566 метрге ([Аксораң тауы](#)) биіктеп, шоқылы жер бедерімен айрықшалады.



# Өсімдіктері мен жануарлары

- Сарыарқа жері дала, шөлейт және шөл зоналарына кіреді. [Көкшетау](#), [Атбасар](#) өңірінде, [Есіл](#) өзенінің бойында қара топыраққа тән өсімдік жамылғылары қалыптасқан. Ол жерлерде егіндік өсіріледі. Даланың аласа таулары мен ұсақ шоқыларында шоқ-шоқ қарағай, биші [қайың](#) ормандары өседі. Дала зонасының оңтүстігін ала [Теңіз](#) бен [Сарысу](#) жазықтары, [Ұлытау](#), [Каркаралы](#), [Шыңғыстау](#) бойлары [шөлейт](#) зонаға кіреді. Бұл зонаның климаты қуаң, қошқыл қызыл қоңыр топырақ жамылғысында жусанды, бетегелі, көделі, боз өсімдіктер жамылғысы таралған. Өзен бойында, тау баурайларында шабындық шалғындар, терек, қайың, қарағай, арша, тал өседі. Шөлейт зона мал жайылымына қолайлы. Шөл зонасы Ұлытаудың оңтүстігі мен Жезказған маңын, Солтүстік Балқаш жағалауын қамтиды. Мұндағы шөлдің қоңыр топырақ жамылғысында шөл өсімдіктері - тобылғы, қараған, боз, бетеге, ақселеу бұйырғын, қара жусан, көкпек өседі. Жануарлар дүниесі де дала, шөлейт, шөл зоналарының ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан. Қарағайлы ормандарда [бұғы](#), [елік](#) кездесе, дала мен шөлейт жерлерді [ақбөкен](#), [қасқыр](#), [түлкі](#) мекендейді. Көлдерінде құстар көп.

ілбі

с



Қаз –  
үйректер



бұғыла  
р

ұйқы гүлі (сон  
трава)



# Қазба байлы

- Сарыарқа - пайдалы қазбаларға бай өлке. [Қарағанды](#) мен [Екібастұ](#)[з](#) көмір өндірудің ірі ошақтары болып табылады. [Жезқазған](#), [Қарсақпай](#), [Атасу](#), [Саяк](#), [Қоңырат](#) кен орындары [мыс](#), [темір](#), марганец кендеріне бай. Жәйремде сирек металл өндіріледі. Осыларды қорытып, байыту мақсатында қарағанды, Жезқазған, Балқаш және Теміртау қалаларында ірі металлургиялық комбинаттар жұмыс істейді.



Мыс

Темір



Марганец

# Халқының қоныстануы

- Қазіргі уақытта Қарағанды облысы 429 мың шаршы шақырым жерді алып жатыр. Бұл республикадағы ең үлкен аймақ. Әкімшілік-аумақтық құрылым өзгертілгеннен кейін, бұл аумақта 9 селолық аудан мен 11 қала, 39 жұмысшы кенті мен 171 селолық округ болды. Халық саны 1 миллион 700 мыңнан асты, яғни республика халқының 10 пайызын құ

егіншілік болып келеді. Онда көптеген егіншілік орындар орналасқан.





# Геологиясы

Сарыарқа [каледон](#) (батыс жағы) және [герцин](#) (шығыс жағы) қатпарлы кезеңінде қалыптасты. Неотектоникалық қозғалыстың сонымен бірге желге мүжілу үдерісі салдарынан Сарыарқаның жер бедерінің осы қазіргі бейнесі қалыптасты. Негізінен метаморфтық және магмалық тау жыныстарынан түзілген

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
АРАХМЕТ!!!**

